

## **М.Х.Дулаттың мемлекеттік және дипломатиялық қызметтері**

**Бейсембекова Г.Ж., Мырзаханова Н.Р.  
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.**

Кеңес дәуірінде тіліміз бен тіліміз ғана емес, сондай-ақ халқымыздың тарихы мен әдебиеті қиянатқа ұшырағаны белгілі. Даламыздың талай асыл даналарын тани алмай, олардың жазба жәдігерлігін игеру түгілі біздікі деуге де именіп келдік.

Солардың бірі, әрі бірегейі – ХҮІ ғасыр перзенті, көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ Геродоты атанған тарихшы, ғұлама, ақын әрі дипломат Мұхаммед Хайдар Дулат еді.

Саид хан ірге тасын қалаған жаңа мемлекет – Қашғар хандығында Мырза Хайдар 17-18 жылдай тұрған. Сонда оқыды. Ержетті. Мырза Хайдар бірте-бірте осы мемлекеттегі үлкен лауазымдарға ие бола бастайды.

Мұхаммед Хайдардың 24 жасқа дейінгі өмірі оқу, білім үйренуге кетеді. Таланты мен дарыны ерекше жаралған ол өнердің білім мен мемлекет ісінің барлық қыр-сырын толық меңгеріп, 25 жасқа қараған шағында мемлекеттік маңызы бар тапсырмаларды жеке орындау құрметі мен сеніміне ие болады. Сұлтан Саид хан қызметінде жүргенде Мырза Хайдар Бадахшан, Кәпірстан, Тибет, Кашмирге бірнеше соғыс жорықтарын басқарды. Осы кезден бастап хан кеңесінде сөз сөйлеп ойын айтып оның ұсыныстарын хан да, кеңес те қабылдайтын болады. Ханның кеңесшісі болып, оның оң қолына айналады.

Осыдан кейін хан Хайдар Дулатқа әскер мен мемлекеттің барлық ісін сеніп тапсырып, қолына шексіз билік береді. Мемлекетте ханнан кейінгі екінші адам санатына көтеріледі, шебер дипломат ретінде танылады.

Мұхаммед Хайдар Дулаттың дипломатиялық қызметтері туралы көп айтуға болады. 1533-1551 жылдары ол дипломат және мемлекет қайраткері болды. Ол өзінің «Записки дипломата» қолжазбасында тәжірибелі дипломат ретінде және өмірінің екі он жылын осы қызметтерге арнағанын қарастырады. Мұхаммед Хайдар-ХҮ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Бабыр сияқты Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан білгіш, майталман кісінің бірі.

Сұлтан Саид хан 1533 жылы қайтыс болды. Оның ұлы Әбдірашид хан таққа отырғанда Дулат әмірлерін мемлекеттік істерден шеттете бастады. Өз ісіне берілген Мұхаммед Хайдар Қашғардан Ұлы Моғолдар еліне Лахурға, Бабырдың ұлы Қамран Мырза хұзырына, ал 1539 жылы Аграға, Хумаюн қызметіне келеді [1].

Ұлы Моғолдар елінде яғни, Қамран –Мырзаның қасында жүргенде әскери қару-жарақпен қоса көптеген кітаптар сатып алып және әскер өнерінің қыр-сырына жетік шет ел мамандарын шақыртып тәжірибе алмасты.

Алғашында ол Лахордың ішкі істерін басқарды. М.Х.Дулаттың өзіне дейінгілерден айырмашылығы, үнді феодалдарын қызметке тартуында еді. Ол сонымен қатар үнді саудагерлеріне жәрдем беріп отырды. Мұхаммед Хайдардың тұсында индуизмді ұстанушыларды қуғындау тоқтатылды. Ертеректе тек мұсылмандар ғана босатылған жан басына салынатын «джазие» деп аталатын ауыр салықтан үнді халқы босатылды. М.Х.Дулаттың жарлығымен мұсылман дінін зорлықпен қабылдаған үндістер өздерінің бұрынғы діндеріне ауысты.

Қамран Мырзаның тапсыруымен мемлекет қайраткері, елді басқарушы лауазымына көтерілді Мемлекеттік маңызы бар істерді жүргізді. Оның мемлекеттік қызметінің басты бағыты - Үндістанда моғолдар билігінің сақталуы еді [2].

ХҮ- ХҮІ ғғ. Солтүстік Үндістанда Чак және Макри арасында билік үшін күрес жүріп жатты. Ол жергілікті феодал – эмирлердің ішкі қақтығыстарын пайдалана білді. М.Х.Дулат дипломатиялық өнердің қыр – сырын меңгеріп, билігін нығайта түсті. М.Хайдар Лахурда жеті жылға жуық ел басқарды. Әрине бұл басқарушының күші мен әлсіздігін анықтау үшін аз уақыт емес. Бір мезгілде ол сыртқы істер министрінің (визир) қызметін атқарды. Зерттеуші - дулаттанушылар басқарушының алысты болжай алушылығын, өзіндік шешім қабылдау және шебер дипломаттығы сияқты қасиеттерін атап көрсетеді. Қамран – мырза батыс шекараны қорғауда жүргенде ел ісін басқару мен дипломатиялық істерді Мұхаммед Хайдарға тапсырған

еді. М.Х. Дулаттың қатысуынсыз бірде-бір келіссөздер мен маңызды саяси мәселелер шешілген жоқ [3].

Мұхамед Хайдардың арғы аталарының ішінде көрнекті ел басқарушыларымен қатар Моғол елінің үкімет басшысы бар еді. Тумысынан ел басқару ісінде жүрген адамдар мемлекеттің мүддесі үшін атқарылатын жұмысқа өмірін арнауға әзір екендігін дәлелдейді.

XVI-ғасырдың 30-жылдарындағы дипломатиялық жұмыстар Дулат өмірінің ажырамас бөлігі еді. Қамран мен Һумаюн оған ерекше ілтипат білдірді. Барлық халықаралық істерді менгерген және ақылдаспай ешқандай маңызды шешім қабылдамайтынын біліп, оған сеніммен қарады.

Сыртқы саясатта достықты бекіту мен нығайту барысында шынайы адалдықпен еңбек етті. Оның барлық дипломатиялық қадамдары әуелі Лахорда, содан кейін Кашмирді басқару жылдарында шындалды. М.Х. Дулаттың дипломатиялық істерді жүргізу шеберлігі, атқарушылығы мен еңбекқорлығы Қамран мен Һумаюнға ұнады.

Көп тілді, көп конфессионалды елді басқарған мемлекет қайраткерінің дипломат болмауы мүмкін емес. М.Х. Дулат саяси өмірде өзінің жарқын болашағын қалыптастырды, өйткені мұндай мемлекет белсенді дипломатиялық жұмыстарды талап етеді.

М.Х. Дулаттың дипломатиялық жұмыстары туралы мәліметтерді әскери мекеме кітапханашысының жазбаларынан көруге болады. Оның мәліметтеріне қарағанда «халықаралық байланыстар дамып, соған сәйкес елші – дипломаттар саны өсті» [3].

Мұхаммед Хайдар жастарды саяси істерге тарту және тәрбиелеу мақсатында оқу курстарын ұйымдастырумен айналысты. Сонымен қатар, ол әріптестеріне дипломатия өнерін үйретуден жалықпады. Негізінен дипломаттарға шығыс саясатының ерекшеліктерін, соғыстың және барлық қақтығыстардың шығу себептерін үйретті. Дипломатиялық жұмыстардың құпияларын үйретудің маңызы аса зор болды. Дипломатияның құпиялары – соғыстың бірден-бір құралы болып табылады. Дипломаттарға мемлекеттің құпияларын сеніп тапсырады. Қай кезде де болмасын дипломатиялық әдіс-амалдар қарсыластың әлсіз жағын білуге, өздеріне одақтас табуға пайдаланылды. Көршілес мемлекеттермен достық байланысты сақтау мақсатында да қолданылды.

М.Х. Дулат ойға жүйрік, майталман, сөзге шебер, ерекше саңлақ болумен халық ортасында даңққа бөленді.

#### **Әдебиет**

1. Дулати М.Х «Тарих –и Рашиди».- Алматы, 2003. – 513 б.
2. Ислам Жеменей. Мұхаммед Хайдар Дулат (1499-1551). Монография.- Тараз 2007. 25 б.
3. Полякова. В.Т. М.Х. Дулати – на дипломатической работе у Камрана и Хумаюна. - Тараз- Хабар. 2005, 12 август.